



ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

ӨҢІРЛЕР



www.ombudsmanbiz.kz

2022



МАЗМҰНЫ

1. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің өңірлердегі өкілдері	2
1.1. Астана қаласы	3
1.2. Алматы қаласы	5
1.3 Абай облысы	7
1.4. Ақмола облысы	8
1.5. Ақтөбе облысы	10
1.6. Алматы облысы	12
1.7. Атырау облысы	14
1.8. Батыс Қазақстан облысы	16
1.9. Жамбыл облысы	18
1.10. Жетісу облысы	20
1.11. Қарағанды облысы	22
1.12. Қостанай облысы	24
1.13. Қызылорда облысы	26
1.14. Маңғыстау облысы	28
1.15. Павлодар облысы	30
1.16. Солтүстік Қазақстан облысы	32
1.17. Түркістан облысы	34
1.18. Ұлытау облысы	36
1.19. Шығыс Қазақстан облысы	38
1.20. Шымкент қаласы	40



1. КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ



МАХМҮТ Ж. М.

Алматы қаласы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ҚАЗИЕВ Ж. А.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ДӘУЛЕТПАЕВ Р. Б.

Қостанай облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



КҮЙШІНОВ Р. Б.

Ақтөбе облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ШАЖАНБАЕВ Ж. Б.

Астана қаласы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



КЕРІМБАЕВ Д. Ж.

Жетісу облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ҚҰЛМАХАН С. А.

Қызылорда облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ӘМИРОВА З. Т.

Түркістан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



АСҚАРОВ Ә. Т.

Қарағанды облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ЖОЛДЫБАЕВ С. Қ.

Атырау облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ЗҮБӘКІРОВ С. М.

Павлодар облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ӘМИРОВ С. С.

Маңғыстау облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



МҰҚАШЕВА Ә. О.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



СЫЗДЫҚОВ Р. Е.

Ақмола облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



НИГИШЕВА М. Қ.

Батыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



АДАМБЕКОВА С. К.

Шымкент қаласы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ЕРГЕБАЕВ Н. Б.

Жамбыл облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ШАЖАНБАЕВ

Жеңіс Болатұлы

Астана қаласы бойынша
Кәсіпкерлердің
құқықтарын қорғау
жөніндегі уәкіл
аппаратының сектор
меңгерушісі

1.1. АСТАНА ҚАЛАСЫ

- Елордалық 20 компанияның 16-сы келісім комиссияларының жұмысы нәтижесінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен шығарылды. Оларды «қара тізімге» енгізу 9 млрд теңгеге дейін шығын келтіруі мүмкін еді.
- Астана қаласы МАӘС-ның шешімімен «Батсу-Водоканал» ЖШС-нің «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті» РММ-не, «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті» РММ және «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің департаменті» мемлекеттік мекемесінің бұйрығын жою және заңсыз деп тану туралы талап-арызы Түркістан облысы бойынша «Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеу нәтижелері бойынша қорытындыны бекіту туралы» 05.11.2021 жылғы №45-НҚ-мен **заңсыз деп танылды және күші жойылды.**

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сот практикасы.
- Мүлік иелерінің бірлестігі бойынша тұрғын үйлердің құрамындағы коммерциялық жылжымайтын мүлік иелерінің құқықтарына қысым жасау.
- АртСпорт бойынша кезекте тұрған балаларға арналған жаңа ваучерлердің болмауы.
- Ақылы автотұрақтар, бизнес орталықтарына іргелес автотұрақтарға назар аударыла бастады.
- Мемлекеттік органдардың заңнаманы жүйелі түрде бұзуы, бұл өз кезегінде кәсіпкерлердің қызметіне кері әсерін тигізеді (сот практикасын талдау).



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (08.12.2022 Ж.)

Кәсіпкерлерді жеке қабылдау барысында айтылған мәселелердің бірі мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сот актілеріне және жарамсыздық белгілері бар мәмілелер бойынша материалдарды сотқа дейінгі қарау шеңберінде келісу комиссияларының жұмысына қатысты мәселе болды. Елордалық Палатаның Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің мүшесі, «Аудбух» ЖШС басшысы Гүлжан Әбілова ағымдағы жылдың басынан бері 923 кәсіпкер бойынша 88 келісім комиссиясы өткізілгенін айтты. 773 бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сотқа талап-арыздарды жіберу туралы, 24 бойынша – материалдарды қосымша қарау қажеттілігі туралы, 126 бойынша – сотқа жібермеу туралы шешім қабылданды.

Барлық өңірлердегі кәсіпкерлер осы мәселені көтереді. Сонымен қатар, Мемлекеттік кірістер комитеті де, Жоғарғы Сот та нақты статистика бере алмайды – барлық жерде сандар әртүрлі. Мен Қазынашылық департаментінің Қоғамдық кеңесінің төрағасы ретінде егжей-тегжейлі статистика беруді өтіндім, осы аптада береді деген үміттемін. Сонда бізде ортақ түсінік қалыптасар еді, өйткені бір деректе республика бойынша мұндай жағдайлардың жалпы саны 1500 деп көрсетілген, бірақ егер Астана қаласын алсақ, бұл жағдайлардың 1200-і осы қалаға тиесілі. Бұл қиын жағдай. Бізде республика бойынша жұмыс істеп тұрған 1,5 миллионнан астам кәсіпкер бар, оның ішінде ірі бизнес субъектілері – 1229, орта – 2750. 2200 кәсіпорын бюджетті 90% толықтырып отыр. Егер 1500 талап-арыздың 1200-і Астана қаласына тиесілі болса, онда бізде жақын арада орта кәсіпорындар қалмайды.

Осындай тәжірибеге сүйене отырып, мәмілелерді жарамсыз деп тану салықтық әкімшілендіру механизміне айналды, олай болмауы керек.

Біз бұл мәселені ел Президентіне жеткізгіміз келеді, өйткені қазіргі уақытта бұл Қазақстан бизнесі үшін бірінші мәселе.

«Қазақстандық үздіксіз білім беру қауымдастығы» ЗТБ өкілі Майра Байдубекова жекеменшік балабақшалар мәселесін айтты. Ол жекеменшік мектепке дейінгі мекемелер осы жылдың желтоқсан айында мемлекеттік тапсырыс алу конкурсына қатыса алмайтынын атап өтті, өйткені өзгерген талаптарға сәйкес, конкурстық құжаттаманың құрамында басқа құжаттармен қатар «медициналық көмек (медициналық қызмет көрсету) көрсету шарты болмаған кезде медициналық қызметке лицензия» ұсынуға тиіс. Бұл жағдайда орта есеппен 15-16 мың бала жеке балабақшаларда орынсыз қалуы мүмкін немесе субсидиялар болмаған жағдайда кәсіпкерлер ай сайынғы төлемді 100-120 мың теңгеге дейін көтеруге мәжбүр болады.

Жеке қабылдау барысында елордалық кәсіпкерлер инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар кәмелетке толған студенттер үшін инвентакси қызметтері, ақылы автотұрақтар құру мәселелерін көтерді.

Жалпы, Астана қаласының Кәсіпкерлер палатасының бизнесі қорғаудың экожүйесін құру жөніндегі жұмысына оң баға беруге болады.

2022 жылдың 11 айында елорданың Кәсіпкерлер палатасына кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау желісі бойынша 185 өтініш келіп түсті, оның 50%-дан астамы оң шешілді, қалғандары қарауда. 835,7 млн теңге сомасына бизнестің мүлтік құқықтары қорғалды.





**МАХМҰТ
Жомарт Мақсұтұлы**

Алматы қаласы
бойынша Кәсіпкерлердің
құқықтарын қорғау
жөніндегі уәкіл
аппаратының сектор
меңгерушісі

1.2. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

- Алматы қаласының 500-ден астам кәсіпкеріне көмек көрсетілді.
- 3 кәсіпкерге қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылды, компаниялардың шоттарына салынған тыйымның күші жойылды.
- Тұрақты емес тасымалдау саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлерге көмек көрсетілді, атап айтқанда қоғамдық көліктің қозғалыс жолағы бойынша жүріп-тұруына рұқсат алуға жәрдем көрсетілді.
- Кәсіпкердің («Текс» ЖШС) әлеуметтік маңызы бар объектіні салу үшін жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту және халыққа қызмет көрсету бойынша мәселесі реттелді.
- 2022 жылы 17 келісу комиссиясы өткізілді, онда 596 талап-арыз мақұлданып, сотқа жолданды.
- Алматы қаласында жазғы алаңдар мен стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру қағидаларын әзірлеу және қабылдау мәселесі шешілді.
- Өз қызметін қоғамдық тамақтану (жазғы алаңдар) және сауда (B, BC, B+санатындағы дүкендер) саласында жүзеге асыратын кәсіпкерлерге салынатын әкімшілік айыппұлдар жойылды.
- Кәсіпкерлерге қатысты әкімдік пен 7 мектепке дейінгі және мектептегі білім беру орталықтары арасында сенімгерлік басқару бойынша жалдау шарттарын қайта жасасу мәселесі шешілді.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Жер учаскелерінің қолжетімсіздігі.
- ЕЖЖ-ға өзгерістер енгізу кезінде жер учаскелеріне қолданыстағы құқықтар есепке алынбайды.
- Желілердің (газ, су, электр) тозуына байланысты СЖТ алу мүмкін еместігі.
- Бақылау-қадағалау органдары тарапынан бизнеске артық қысым түсуі.
- Шағын және орта бизнестегі білім деңгейінің төмендігіне байланысты көлеңкелі нарықтың жоғары үлесі.
- Логистикалық шығындардың жоғары болуы.
- Газбен жанармай құю станцияларын жеткіліксіз қамтамасыз ету.
- Жүк тасымалдау саласында сыбайлас жемқорлықтың жоғары болуы.
- Ішкі туризм саласында Алматы қаласы мен көршілес облыстар арасында мемлекеттік қолдауда үйлестіру жоқ.
- Ақпараттық технологиялар саласындағы білікті кадрлардың тапшылығы және кетуі. Дамымаған IT инфрақұрылымы.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (20.06.2022 Ж.)

Кәсіпкерлерді жеке қабылдау кезінде және мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен өткен дөңгелек үстелде бизнестің мынадай мәселелері көтерілді.

1. Қазақстанда әскери және қос мақсаттағы өнімдер шығаратын 40-тан астам ірі кәсіпорын жұмыс істейді.

Олармен қатар 100-ден астам жеңіл және тамақ өнеркәсібі компаниялары – мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаушылар (бұдан әрі – «МҚТ») жұмыс істейді.

Қауымдастық пен депутаттардың арқасында ҚР Парламенті «Қорғаныс өнеркәсібі және МҚТ туралы» ҚР Заңын отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешенін қолдау мен дамытуды қамтамасыз ету үшін түзетулер талқыланатын өзгерістер бойынша іске қосты.

Алайда, жұмыс топтарында орталық мемлекеттік органдардың (Қорғаныс, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің) өкілдері көптеген позициялар бойынша бизнес-қауымдастықтар ұсынған өзгерістерге қарсы. 2. СЭБД миллиондаған сомаға айыппұл салады және құрамында 2%-дан астам трансизомерлері бар майлар мен майларды өндірістен шығаруды талап етеді.

Бұған ҚР Стандарттау комитетінің төрағасы қол қойған Ресей Федерациясының (бұдан әрі - РФ) және Беларусь Республикасының (бұдан әрі - БР) стандарттарын ҚР аумағында енгізу туралы бұйрықтар себеп болды.

Бұл стандарттар «Масло-Дел» ЖШС-нің осы өнімдеріндегі табиғи компоненттерді ескермейді, сонымен қатар РФ мен БР стандарттары Ресей және Беларусь өндірушілерінің талаптарына, олардың өндірістік мүмкіндіктері мен жабдықтарына арналған.

Баяндалған мән-жайлар бойынша «Атамекен» ҰКП тиісті бөлімшелері тиісті жұмыс жүргізуде.

3. 2020 жылы Алматы қаласының бұрынғы әкімінің хаттамалық тапсырмасымен жеке білім беру ұйымдарымен 11 мүліктік жалдау (жалға алу) шартын бұзу туралы шешім қабылданды.

Жеке білім беру ұйымдары 01.07.2022 жылы қолданылу мерзімі аяқталатын жалдау шарттары негізінде мемлекеттен ғимараттарды 15 жылдан астам мерзімге жалға алады.

Қазіргі уақытта Алматы қаласының әкімдігі 7 ұйыммен шартты 1 жылға ұзартты.

Мемлекеттік органдардың қатысуымен өткен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен кездесуде өңірдің басқа да проблемалық мәселелері көтерілді.

Атап айтқанда, ИИДМ Көлік комитеті шетелдік рұқсат бланкілерін бөлуде тасымалдаушылардың құқықтарын бұзу мәселесі бойынша ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының атына хат жолдау тапсырылды.

Тауарлар экспорты басымдығының болмауы туралы мәселені қоғамдық кеңеске шығару ұсынылды.

Электр қозғалтқыштары бар моторлы көлік құралдарына тарифтік жеңілдікті қолдануға қатысты Комиссия құрылды, мәселе талқыланып жатыр.





1.3. АБАЙ ОБЛЫСЫ

- 20 кәсіпкердің құқығы қорғалды.
- Мемлекеттік мекемелердің орындалған жұмыстарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындамағанына қатысты түскен шағымдарды шешуге мүмкіндік туды, сомасы 2 млн. теңге.
- «АртСпорт» бағдарламасы бойынша спорттық және шығармашылық қызметтерді ұсынушыларды 90 млн. теңгеге қаржыландыру мәселесі шешілді.
- Төтенше жағдайлар органдары тарапынан азаматтық қорғаныс бойынша заңсыз тексеру практикасы тоқтатылды.
- Семей қаласында жерлерді аймақтарға бөлу схемасын әзірлеу мен бекітуге бастамашылық жасалды.
- Балабақша қызметтерін көрсететін кәсіпкерлер үшін ата-аналық төлем мөлшері ұлғайтылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- ЕЖЖ нақты жағдайға сәйкес келмеуі немесе болмауы.
- Әкімдіктің жер учаскелерін жалдау мерзімін ұзартудан бас тартуы.
- Құрылыс материалдары, оның ішінде битум құнының қымбаттауы.
- Тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша жұмыстарға ақы төлемеуі.
- Жүк жөнелтушілерге айыппұл салу бойынша ҚТЖ-ның заңсыз тәжірибесі.
- Кәсіби кадрларды даярлау және қайта даярлауға мемлекеттік тапсырыс алу мәселесі.
- Мемлекеттік кіріс органдарының ресми негіздер бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыздарды сотқа жіберуі.



СЫЗДЫҚОВ

Расул Ермақұлы

Ақмола облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.4. АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

- 2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Ақмола облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы ЭШФ-на түзетулер енгізілуіне байланысты бұрын төленген субсидияларды қайтару бойынша 29 кәсіпкерге қатысты негізсіз талап-арыз берген болатын, осы кәсіпкерлердің құқықтары қорғалды. Мәселе нормативтік құқықтық актілер арасындағы қайшылыққа байланысты шағымдарды қайтарып алуды ұсынған мүдделі тараптардың қатысуымен жұмыс тобын құру арқылы шешілді.
- ӨКП-ның тікелей жәрдемдесуімен жер пайдалану шарттарын жарамсыз деп тану туралы Жарлықтың талаптары бойынша мәселе реттелді. Атап айтқанда, прокуратураның ұсынысында көрсетілген 160 жер учаскесінің 116-сы бойынша жер игерілуіне байланысты талап қою жұмысын тоқтата тұру туралы шешім қабылданды.
- «ЕНКІ» ЖШС-не қатысты іс оның әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды. Кәсіпкердің қорғалған құқық сомасы 19 млн. теңгеден асты.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Жер қатынастары саласы. Жер учаскелерін сауда-саттықтан тыс беруге байланысты жер пайдалану шарттарын жарамсыз деп тану туралы Жер ресурстары департаментінің талап-арыздары.
- Кәсіпкерлердің өз қаражаты есебінен ЕЖЖ дайындауы. ЕЖЖ әзірлеу жергілікті атқарушы органның міндеті.
- Кадр тапшылығы.
- «Көкшетау жылу» ШЖҚ МКК-нің Мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша кәсіпкерлік субъектілері алдындағы берешекті төлемейі.
- Ақмола облысы МҚД қызметінің репрессиялық сипаты. Кәсіпкерлер мемлекеттік кірістер органдарының салықты қосымша есептеу, негізсіз тексерулер бойынша хабарламалар беру мәселелері бойынша жиі жүгінеді және мәмілелерді жарамсыз деп тану және мемлекеттік тіркелуі немесе қайта тіркелуі жарамсыз деп танылған салық төлеушінің контрагенттеріне салықты қосымша есептеу жүйелік мәселелердің бірі болып табылады.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (20 – 21.04.2022 Ж.)

Облыс әкімімен кездесуде өңірдің жүйелі сипатындағы проблемалық мәселелер көтерілді:

1. Тапсырыс берушілердің (мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың) көрсетілген және/немесе жеткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін ақы төлеу бөлігінде кәсіпкерлік субъектілері алдындағы өздерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы туралы.

Мысалы, «Көкшетау Жылу» ШЖҚ МКК кәсіпкерлік субъектілері алдындағы Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша ақы төлеу бөлігіндегі шарттық міндеттемелерін жүйелі түрде орындамаған.

2. Әкімдіктің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы бойынша функцияларды жүзеге асыруының тиімсіздігі атап өтілді.

Облыс прокуратурасы МСҚБ қызметіне тексеру жүргізді және бұзушылықтар анықталды, атап айтқанда, пайдалануға беру кезінде қосарланған стандарттарға жол берілді. Нәтижесінде прокурорлық ден қою актісі шығарылды, лауазымды тұлғалар жауапқа тартылды.

Ақмола облысы бойынша ҚСЖАЕК басқармасы 2021 жылғы тексерулердің заңдылығы тұрғысынан салыстыру жүргізді. Тексеріс жүргізбестен МСҚБ «Тұрғын үй Академиясы» ЖШС-н әкімшілік жауапкершілікке тартқаны анықталды. Мораторийдің қолданылуы кезінде ЖК «Рашидоваға» қатысты 2022 жылы заңсыз тексерудің ашылуына жол берілмеді.

3. Облыста конкурстар мен аукциондар арқылы елді мекендер мен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, аудандардағы әкімдіктер аукцион/конкурстық жер беруді жалғастыруда. Жоғарыда аталған мәселелер облыс әкімінің бақылауына алынды. Бизнес-омбудсмен сапар соңында өңірдің үш өнеркәсіптік кәсіпорнына барды: «ЕНКІ» ЖШС (құрылыс кірпішін өндіру), ЧК KAZROST Engineering Ltd («КЗ «Ростсельмаш» брендінің ауыл шаруашылығы техникасын өндіру) және «Асыл Арман» ЖШС («НОВОПЭК» компаниялар тобында, полимерлі қаптама өндірісі).

Бизнес-омбудсмен араласқаннан кейін «ЕНКІ» ЖШС-не қатысты іс оның әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды. Бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы сақтау тұрғысынан бұзушылық фактілері расталмады. Кәсіпкердің қорғалған құқық сомасы 19 млн. теңгеден асты.





КҮЙШІНОВ Руслан Болатұлы

Ақтөбе облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.5. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

- Камералдық бақылау хабарламаларын беру және банктік шоттарға шектеулер қою бойынша мемлекеттік кірістер органдарының заңсыз әрекеттерінен 15 кәсіпкердің құқығы қорғалды.
- «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Ақтөбе филиалының Ақтөбе қаласында тұрмыстық газ беруді шектеу бойынша 62 кәсіпкерге көмек көрсетілді.
- Сотта кәсіпорындарды жосықсыз жеткізушілер тізілімінен шығару туралы іс бойынша 8 кәсіпкердің құқықтары қорғалды.
- Шағын және микро бизнес субъектілеріне 5 жылға дейінгі мерзімге стационарлық емес сауда үшін сауда орындары ұсынылды.
- ҚР Қылмыстық кодексінің 197-бабы бойынша қозғалған «Дәулет» ЖК-не қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылды, яғни мұнай өнімдерін олардың шығу тегінің заңдылығын растайтын құжаттарсыз тасымалдауға қатысты. Нәтижесінде тәркіленген мүлік кәсіпкерге қайтарылды.
- Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің араласуынан кейін Ақтөбе облысының мемлекеттік кіріс органдары өздерінің әрекетін негізсіз деп танып, белгісіз тұлғалардың «FORA Trade» ЖШС-нің тіркеу деректерін пайдалана отырып, ЕЭО тауарларын заңсыз әкелу фактісі бойынша ҚҚС төлемеу түріндегі пайда болған 5 млн. теңгеден астам соманы құрайтын берешекті қайтару туралы «FORA Trade» ЖШС-не жіберілген хабарламаны кері қайтарып алды. Сонымен қатар, құқыққа қайшы әрекеттер жасаған белгісіз тұлғаларға қатысты Экономикалық тергеу департаменті сотқа дейінгі тергеу жүргізуде.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- 5 санат бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы шетелдік жұмыс күшінің тапшылығы (маусымдық жұмысшылар).
- Қолданыстағы газ құбырлары бойынша газ жеткізуді шектеуге байланысты «ҚазТрансГазАймақ» АҚ АФ техникалық шарттарын беру кезінде газ көлемі бойынша шектеу. «Бұхара-Орал» газ құбырының үшінші желісін салу қажет.
- Мектептердегі күн көрісі төмен отбасылардан шыққан балалар үшін тамақтану құны ҚҚС-пен 507 теңге.
- Құрылыс материалдары құнының үнемі қымбаттауы.
- Индустриялық аймаққа инвесторларды тарту үшін жеңілдіктер мен преференциялар (АЭА-ға ұқсас) беру мәселесін қарастыру қажет.
- Qoldau жүйесінде өтінім беру кезінде «Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар кезінде шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау» бағдарламасы шеңберінде ШҚ БСН бойынша іс жүзінде бар, бірақ ШҚ басшысының ЖСН тіркелген жер учаскелерінің болуы көрсетілмейді.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (11.05.2022 Ж.)

Облыс әкімімен кездесуде өте түйткілді мәселелер көтерілді:

1. Құрылыс материалдары құнының қымбаттауына қатысты.

Ақтөбе облысының құрылыс, саулет және қала құрылысы басқармасының ақпаратына сәйкес 2021 жылы 34 құрылыс нысаны бойынша мердігер компаниялардан шығыстар сметасын қарастыру және түзету жүргізу туралы 14 өтініш келіп түсті, түзетудің жалпы сомасы 3 млрд.теңгені құрады.

Бұл өтініштер бюджетте қаражаттың болмауына байланысты қанағаттандырылмаған.

Бүгінгі таңда Алға ауданы, Маржанбұлақ ауылында мектеп салу бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға түзету жүргізілді, мердігер «Интерстиль» ЖШС. Сондай-ақ, Ембі қаласында мектеп салу бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға түзету енгізу мәселесі шешілуде, мердігер «РусТал» ЖШС.

2. Жерге арналған базалық салықтық мөлшерлеменің түзету коэффициентіне қатысты. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 350 шешімі бойынша индустриялық аймақтың жерлеріне қатысты қолданылатын жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенті 1,5 коэффициентті құрайды.

Прокуратурада келесі проблемалық мәселелер талқыланды:

Облыстың Мемлекеттік кірістер департаменті камералдық бақылау нәтижелерінен кейін оңайлатылған жүйе бойынша жұмыс істейтін 417 кәсіпкерлік субъектісінен ҚР Салық кодексінің 683-бабы 4-тармағының 4 және 5-тармақтарының бұзылуына байланысты жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке көшуді талап етеді.

Прокуратура салық органына қатысты банктік шоттар бойынша шығыс операцияларына тыйым салу туралы қаулының және хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешімнің күшін жою туралы, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалды деп тану туралы мәселені қойып, шаралар қабылдады. Кәсіпкерлердің құқықтарын бұзғаны үшін Ақтөбе облысы бойынша МҚД басшысының бұйрығымен Ақтөбе қаласы бойынша МҚД бас маманы А.Ж. Бейсенбіге ескерту жарияланды.

Қостанай облысы бойынша шекаралық өткел арқылы «Fora Trade» ЖШС-нің тіркеу деректерін пайдалана отырып, ЕЭО аумағынан тауарларды заңсыз әкелу бойынша проблема туындаған. Нәтижесінде бұл ЖШС-де бюджет алдында жалпы сомасы 5 380 639 теңге төленбеген ҚҚС түрінде берешек пайда болды.

Бизнес-омбудсменнің араласуынан кейін Ақтөбе облысының мемлекеттік кіріс органдары жіберілген хабарламаны кері қайтарып алды. Сонымен қатар, заңды бұзған белгісіз тұлғаларға қатысты Экономикалық тергеу департаменті сотқа дейінгі тергеу жүргізуде.





1.6. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

- Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасы өңірдің 300-ден астам кәсіпкерлеріне көмек көрсетті, 2021-2022 жылдары 2 млрд. теңгеден астам сомаға кәсіпкерлердің құқықтары қорғалды.
- Өңірдегі кәсіпкерлік субъектілері үшін жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуден бас тарту туралы шағымдарды шешу мүмкін болды.
- 4 кәсіпкерге қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- ТКШ, электр және газ қызметтеріне, үй-жайларды жалға алуға жоғары тарифтер.
- Өндірістерде техникалық білімі бар кадрлардың/мамандардың жетіспеушілігі.
- Бақылау-қадағалау органдары тарапынан бизнеске қысым жасау.
- Құқық қорғау органдары тарапынан қылмыстық қудалауға заңсыз тарту.
- Өңірде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұсыну үшін конкурстар өткізбеу.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (15.09.2022 Ж.)

Қонаев қаласында кәсіпкерлерді жеке қабылдау өткізілді.

Жеке кәсіпкер «Әбдіровке» 81 млн. теңгеге жуық шығын келтірілді. Жасалған өтеусіз пайдалану шартына сәйкес 2021 жылғы наурыздан бастап 11 мамырға дейін ЖК «Әбдіровтің» ғимаратында COVID-19 науқастарына арналған инфекциялық стационар орналастырылды. Мамыр айынан бастап Іле ауданының әкімдігі мен Іле ОАА басшылығы кәсіпкердің мүлкін заңсыз пайдаланғаны белгілі болды. Олар кәсіпкердің жазған хаттары мен талаптарына жауап бермеген.

«Фирма Бент» ЖШС еліміздің теміржол саласындағы қолданыстағы сатып алу саясатын өзгертуге ықпал етуді сұрады.

«Фирма Бент» ҚР теміржол инфрақұрылымы үшін еуропалық стандартты рельсті бекітпесі бар темірбетон шпалдарының ірі отандық өндірушісі болып табылады. Өнімді сату негізінен «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ өткізетін тендерлер аясында немесе жеке мердігерлік ұйымдары арқылы жүзеге асырылады, олар «Теміржолжөндеу» ЖШС және «Integra Construction» ЖШС. Өндірушілер шығаратын өнімнің тек 30%-н тікелей сатуды жүзеге асырады, ал қалған көлемін жоғарыда аталған мердігер ұйымдар сатып алады. Бұл ретте мердігер ұйымдар бұл үшін өндірістік желінің болмауына байланысты өнімнің осы түрін өндіре алмайды, олар тек осындай зауыттардан сатып алынған өнімдерді «Қазақстан Темір Жолына» қайта сатумен айналысады және ешқандай да күш жұмсамайды.

Қонаев қаласының кәсіпкерлер палатасы бірқатар мәселелерді назарға алды, жергілікті деңгейде пысықтайтын болады.

Сондай-ақ бизнес-омбудсмен облыс әкімі Маратпен Сұлтанғазиевпен кездесті





**ЖОЛДЫБАЕВ
Сәрсенбай
Қамидоллаұлы**

Атырау облысы
бойынша Кәсіпкерлердің
құқықтарын қорғау
жөніндегі уәкіл
аппаратының сектор
меңгерушісі

1.7. АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

- 2021 және 2022 жылдардағы 12 айда 600-ге жуық кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері қаралды, оның 300-і бұзылған құқықтарды қорғау мәселелері бойынша. 45,7% жағдайда кәсіпкерлердің құқықтары қорғалған, экономикалық тиімділік - 532 732 443 теңгені құрады.
- МҚД-мен салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлерден қосымша мәліметтер жинау тәртібі туралы мәселе реттелді.
- «МельхиОйл» ЖШС-не қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Ет мал шаруашылығы мәселелері (критерийлерді төмендету және ІҚМ-ны біржолғы ұстауды 500 бастан бастап бекіту мәселесі).
- «Қазақстандық жұмыстар мен қызметтерді өндіруші» мәртебесін қайта қарау - компанияның жарғылық капиталына ҚР азаматының кемінде 50% қатысуы туралы талаптар.
- Кәсіпкерлік субъектілеріне электр энергиясына тарифтерді (33,45 т/кВт.сағ., ҚР бойынша орташа-25,39) жеке тұлғалар үшін тарифтермен (5,71 т/кВт.сағ., ҚР бойынша орташа - 14,57) теңестіру.
- Бақылау-қадағалау органдары тарапынан бизнеске қысым жасау (шағын бизнесті тексерудің жоғары үлесі, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының заңсыз тексерулер фактілерінің болуы).



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (06.12.2022 Ж.)

Жеке қабылдау барысында бизнес субъектілері бірқатар проблемаларды айтты. Олардың қатарында «Атырау қаласының Жолаушылар тасымалы қауымдастығынан» өтініш келіп түсті, олар азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдікпен жол жүргені үшін өтемақы төлеу мәселесін шешуге көмек сұрады.

Белгілі болғандай, **бірде-бір құжат тиісті нормативтік-құқықтық актімен бекітілмеген, жолаушыларды тасымалдайтын компаниялармен ауызша келісім бар. Осы себепті, бүгінгі күнге дейін олар ешқандай өтемақы ала алмайды және осы қызметтерді ұсыну арқылы біршама шығынды көтеріп отыр. Нәтижесінде 2019-2022 жылдары көрсетілген қызметтердің жалпы құны 1,3 млрд. теңгеден асты, оның ішінде өтемақы сомасы 785 млн.теңгеден асты.**

Тасымалдаушылар осы мәселеге қатысты бірнеше рет Атырау қаласының әкімдігіне жүгінген. Сондай-ақ, осы мәселе бойынша қала прокуратурасы Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атына заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізді. Палата өз кезегінде прокуратураға жоғарыда аталған мәселе бойынша өз ұстанымын сараптамалық қорытынды түрінде жолдады.

Биыл ғана қалалық мәслихат қаулысының жобасы қабылданды. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар тасымалдаушыларға субсидия беру туралы шешім шығарды. Әзірге тасымалдаушылар ешқандай төлем алған жоқ, сондықтан мәселе ашық күйінде қалып отыр.

Кездесу барысында айтылған тағы бір проблемалық мәселе - облыстың бірқатар Кредиттік серіктестіктерінің «Атырау» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ алдындағы берешегі.

Кәсіпкерлер адал жауапкерлерді ортақ жауапкершіліктен босатуға жәрдем көрсетуді және Шарт талаптарын бұзған жауапкерлерден қалған берешекті өндіріп алуды сұрайды.

Қабылдау барысында кәсіпкерлерден мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз тексерулер және негізсіз қылмыстық қудалауға тарту жөнінде көптеген өтініштер келіп түсті.

Мысалы, «Сенимди Құрылыс» ЖШС өкілдері қылмыстық қудалау органдарының әрекеттері нәтижесінде қылмыстық сот ісін жүргізуге негізсіз тартылдық деп шағымданды.

Атап айтқанда, ағымдағы жылдың жазында «Теңізшевройл» ЖШС 3-ші буын зауытында су сынағынан кейін құбырды келтіру рәсімін жүргізу кезінде фланецті қосылыстың үзілуі орын алды. Нәтижесінде «Сенимди Құрылыс» ЖШС-нің 2 жұмысшысы қаза тауып, тағы 2 жұмысшысы жарақат алды.

Жергілікті бизнестің проблемалық мәселелері облыс басшылығымен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментімен, облыстық прокуратурамен және облыстық сотпен кездесулерде талқыланды.

www.ombudsmanbiz.kz





**НИГИШЕВА
Мағрипа Қайырқызы**

Батыс Қазақстан облысы
бойынша Кәсіпкерлердің
құқықтарын қорғау
жөніндегі уәкіл
аппаратының сектор
меңгерушісі

1.8. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

- «Global information systems» ЖШС Бас директорының «Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-не орындалған жұмыстар актілерін қабылдау және 79 650 355 теңге мөлшерінде берешекті өндіріп алу туралы талап-арызына қатысты өтініші бойынша іс жүргізу құжаттарын дайындаумен сотта бизнес субъектісіне толық құқықтық сүйемелдеу көрсетілді.
- Талапкердің (Мемлекеттік органның) талап қою талаптарын негіздеу кезінде материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданбағаны анықталды және 11.02.2020 ж. «Юнекс» сауда үйі» ЖШС-не 979 635 485 теңге сомасына Орал қаласы бойынша МКҚ-ның талабын қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарылды.
- Мектепте тамақтандыруды ұйымдастырумен айналысатын кәсіпкерлердің өтініштері бойынша әкімшілік кедергілерді жоюға екі рет көмек көрсетілді.
- Облыстың орта білім беру мектептерінде тамақтандыру қызметтерін көрсететін кәсіпкерлермен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын орындауды бұзу мәселесі жедел шешілді (ЖК Зотова Е.И., «Отау-Алан» ЖШС және т. б.).
- «Global information systems» ЖШС Өңірлік IT-компаниясы «Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің «Орал қаласының ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-не бұрын төленген 53 млн.101 мың теңге мөлшеріндегі соманы қайтару туралы талабын қарау кезінде толық құқықтық сүйемелдеу көрсетілді.
- Тасқала ауданы әкімдігінің жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тасымалдау бойынша шығындарды уақтылы субсидияламауына қатысты «Бақыттранс» ЖШС аудандық жолаушылар тасымалдаушысының мәселесі шешілді.
- Кедендік тексеру нәтижелері бойынша қосымша есептеулермен келіспеуге байланысты «Isker-fruit» ЖШС жәрдем көрсетілді, жалпы сомасы 68.748.445 теңгеге бизнес субъектісінің талап-арызы толық қанағаттандырылды.
- БҚО Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты «АгроТраст» сервистік-дайындау орталығы» ЖШС 23 млн.теңгені қосымша есептеу бөлігінде МҚД хабарламасын заңсыз деп таныды және күшін жойды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Агровнеркәсіптік кешен субъектілерін субсидиялау үшін қаражаттың болмауы.
- Құрылыс материалдары бағасының өсуіне байланысты ЖСКР түзету мәселесі.
- Электр энергиясын өндірушіден тікелей сатып алу.
- Дизель отынына баға белгілеуді реттеу мәселесі.
- «Маштаково» РФ өту пунктінің ішкі шекаралық инфрақұрылымының жетілмегендігі.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ БҚО-ДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (07.06.2022 Ж.)

Сапар аясында облыс әкімімен, құқық қорғау жүйесі органдарының басшыларымен, облыстық сот төрағасымен кездесу өтті.

Өңірлік бизнес-қоғамдастықтың өзекті мәселелері атап өтілді.

Құрылыс ресурстарының қымбаттауы себебінен жоба құнының 10%-дан астам артуы орын алған құрылыс жобаларын түзетуді бақылауға алу ұсынылды. Облыс бойынша осы уақытқа дейін түзетуге жататын 11 жоба бойынша төлемдер жүргізілмеген. Бұл ретте, 7 жоба бойынша сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Жәнібек, Казталов, Жаңақала және Бөкей ордасы аудандарының ауыл кәсіпкерлері облыс аумағында ақбөкендердің санын көбейту мәселесін көтерді. Олар жайылымдар мен шабындық алқаптарды жойып, жерді мал шаруашылығына жарамсыз етеді, шаруа қожалықтары үшін шығын әкеледі.

Қолданыстағы резерватты бақылауды күшейту, фермерлік қожалықтардың аумақтарын қоршауды субсидиялау, ақбөкендердің санын бақылауды күшейту, ет дайындау бойынша арнайы шаруашылықтарды анықтау және т. б. ұсынылды.

Сондай-ақ бизнес-омбудсмен облыс әкімінің қатысуымен БҚО прокуратурасы мен өңірлік кәсіпкерлер палатасының «Бизнесті бірге қолдаймыз» атты бірлескен форумына қатысты.

Форум соңында бизнесті қорғаудың 2022-2023 жылдарға арналған бірлескен Жол картасына қол қойылды.

Жол картасына бизнестің жүйелі мәселелерін шешу, атап айтқанда кредит беру, жер қатынастары, мемлекеттік сатып алу, кәсіпкерлерді негізсіз қудалау фактілерінің жолын кесу және оларды қылмыстық қудалауға тарту, сондай-ақ басқа да бағыттар бойынша өзекті мәселелер енгізілді.





ЕРГЕБАЕВ
Нұралы Баянбайұлы

Жамбыл облысы
бойынша Кәсіпкерлердің
құқықтарын қорғау
жөніндегі уәкіл
аппаратының сектор
меңгерушісі

1.9. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

- Ауылдық елді мекендердегі 126 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар үшін ата-аналық төлем мөлшері 2 000 (екі мың) теңгеге б-дан 8 мың теңгеге дейін, облыстық маңызы бар Тараз қаласында 63 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар үшін 10 000 (он мың) теңгеден 14 000 (он төрт мың) теңгеге дейін, яғни 4 000 теңгеге ұлғайтылды.
- Республикалық проблемалар тізіліміне «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығына балдық жүйені айқындау бөлігінде өзгеріс енгізу мәселесі енгізілді.
- Су кодексінің тұжырымдамасына сүмен емдеу үшін арнайы рұқсат беру бойынша өзгерістер енгізіледі.
- «ЖЭС» ЖШС СЕМ тірекеріне кабельдерді жалға беру (ілу) бойынша 520 кәсіпкердің құқықтары қорғалды, жалдау шартына қол қою туралы 75 хабарлама қайтарып алынды.
- «Альмира-Қуаныш» ЖШС өтінішін қарау нәтижелері бойынша прокуратура мен Палата 20 кәсіпкердің құқығын қорғап, жарнама белгісі үшін жалпы сомасы 653 000 теңгені құрайтын алымдарды қайтарып берді, 1 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Орман қоры жерлерін жайылымдық жерлер мен шөп шабу үшін коммуналдық қорға қайтару.
- Жамбыл облысының газ желісі ұйымдары үшін сұйытылған мұнай газының жеткіліксіз көлемі.
- Мектепке дейінгі ұйымдар үшін 1 жастан 3 жасқа дейінгі және 6 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі мектеп жасына дейінгі балаларды қаржыландыруды шешу мәселесі.
- Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің субсидия түрінде мемлекеттен қолдау алу мүмкін еместігі, өйткені олар орман қорындағы жерлерді жалға алып отыр.
- Ауылдық округтің әрбір елді мекеніне кепіл мүлкі құнының шаршы метр саясатына байланысты АКК арқылы кредиттер алу проблемалары.
- «Сауда қызметін реттеу туралы» ҚРЗ 10-бабының 2-3-тармағы «сауда нарықтарын жаңғырту бойынша норманың қолданылуын тоқтата тұруды 01.01.2026 ж. дейін ұзарту қажеттілігі.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (14.11.2022 Ж.)

Жеке қабылдауда «Белдерсай» шаруа қожалығының басшысы Н.М. Есенқұлов «Балық шаруашылығы құрылыстарын жүргізу және оларға қызмет көрсету үшін» 10 жыл мерзімге жалға берілген жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту мәселесіне қатысты жүгінді. Бұл мәселе 2021 жылы Кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі кеңесте қаралған болатын.

Нысаналы мақсатын өзгерту мәселесі Жамбыл облысы әкімінің 19.10.2022 жылғы кәсіпкерлермен кездесу Форумында да айтылды. Жер қатынастары басқармасының басшысына тапсырма берілді. Алайда, мәселе әлі шешілмеген.

ЖК Индира Маханова жергілікті халықтың кәсіпкерлік қызметке араласуына қатысты өтініш білдірді. Аукционда ол «Антенна-діңгек жабдығын орнату үшін» нысаналы мақсаты бар жер учаскесін сатып алды. ЖК-де барлық рұқсат құжаттары бар. Алайда, ЖК АДЖ жабдықты орнатуға және бөгде адамдардың АДЖ аумағына кірмеуі үшін қоршауға мүмкіндігі жоқ. Аса (10) шағынауданының іргелес үйлерінің тұрғындары АДЖ функциясын жүзеге асыруға үзілді-кесілді қарсы, өйткені олар ұялы жабдық денсаулыққа зиян деген қате ақпаратты естіген және апат кезінде жоғарыда аталған дінгек көппәтерлі тұрғын үйлерге зиян келтіруі мүмкін дейді.

«ӘулиеатаТрансПасс» ЖШС мысалында тасымалдаушылардың қалаішілік маршруттарын субсидиялау мәселесі туралы компания директоры Рашид Пірманов айтып берді. Компания 2004 жылдан бастап жолаушыларды тасымалдау қызметімен айналысады, кәсіпорында барлығы 240 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 170 жүргізуші. Баланста 150 автобус бар, оның ішінде күн сайын жолаушыларды тасымалдау бойынша рейстерге 130 автобус шығарылады. Автобустар мен жүргізушілердің жетіспеушілігіне байланысты 16 бағыт рейстерді орындамайды.

Кәсіпкерлер жеке қабылдауда айтылған барлық мәселелерді бизнес-омбудсмен жеке бақылауға алды. Сондай-ақ, облыс әкімімен және прокурормен кездесуде барлық проблемалар айтылды.





**КЕРІМБАЕВ
Думан
Жармұхаметұлы**

Жетісу облысы бойынша
Кәсіпкерлердің
құқықтарын қорғау
жөніндегі уәкіл
аппаратының сектор
меңгерушісі

1.10. ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

- 12 кәсіпкердің құқығы қорғалды.
- Кәсіпкердің өтініші бойынша «Қайнар-АКБ» компаниясы қылмыс құрамының болмауына байланысты қылмыстық істі тоқтатуға қол жеткізді.
- Құс фермасын салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру үшін «А.П. Аksenov» ШҚ тиісті жер учаскесін алу мәселесі шешілді.
- Меншік құқығын тану бойынша «Фирма «Сәттілік» ЖШС проблемалық мәселесі шешілді.
- «Ақ-бұлақ продукт» ЖШС сүт өнімдерін өндірушісінің мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы мәселесі шешілді.
- «Мақсат» ШҚ, «Еркенов» ШҚ және «Алмас» ШҚ бірнеше аудандардың аумағында жер учаскелері бар шаруашылық субъектілерінің ауыл шаруашылығы жануарларын қайта тіркеу туралы проблемалық мәселесі шешілді.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- ТКШ, электр және газ қызметтеріне, үй-жайларды жалға алуға жоғары тарифтер.
- Бақылау-қадағалау органдары тарапынан бизнеске түсетін қысым.
- Құрылыс материалдары құнының артуы.
- Өндірістерде техникалық білімі бар кадрлардың/мамандардың жетіспеушілігі.
- Құқық қорғау органдары тарапынан қылмыстық қудалауға заңсыз тарту.
- Өңірде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге конкурстар өткізбеу.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (13.09.2022 Ж.)

Өңір кәсіпкерлері бизнес-омбудсменге өздерінің құқықтарының бұзылуы мен жүйелік проблемалары бойынша тікелей жүгіне алды. Олардың шағымдары көбінесе жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдардың заңсыз әрекеттеріне қатысты болды.

Атап айтқанда, «Қайнар-АҚБ» ЖШС ЖК-мен өзара есеп айырысу бойынша Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментімен қозғалған қылмыстық іс және жоспардан тыс тексеру жөнінде жүгінді. 01.01.2017 ж. бастап 31.12.2021 ж. аралығында аккумуляторлық батареялардың қалдықтары мен сынықтарын, пайдаланылған аккумуляторларды жеткізетін жеке кәсіпкерлермен өзара есеп айырысу тексеру үшін негіз болды.

Айта кету керек, жарамсыз батареяларды қайта өңдеуге және олардан жаңа батареялар жасап шығаруға болады. Осыған байланысты, жеткізушілерден батареяларды қабылдау тоқтатылмайды. Кездесу қорытындысы бойынша заңдылықтың бұзылуына нұсқау беріліп, мәселе облыс прокурорына жеткізілді. Қылмыстық құрамның болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылды.

«Ак-Булак Продукт» ЖШС сүт жеткізу бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы проблемалық мәселемен жүгінді. Жасалған шарттардың талаптары бойынша ЖК шикізат-сүт қабылдау шарттары негізінде Сарқан және Ақсу аудандарының тұрғындарынан сүт сатып алу жолымен «Ак-Булак Продукт» ЖШС-не тұтас сүтті жеткізетіні белгілі болды. Бұл жағдайды Сарқан және Ақсу аудандарының тұрғындары растайды, олар соңғы 10 жылда ЖК арқылы Сарқан май зауытына, яғни «Ак-Булак Продукт» ЖШС-не тұтас сүтті тапсыратынын растайды.

Алматы облысында ТЖ режимі қолданылған кезде құқықтық тәртіп күштерін тамақтандырғаны үшін төлем алмаған қоғамдық тамақтандыру саласындағы кәсіпкерлердің проблемаларын бизнес-омбудсмен жеке бақылауға алды.

Аталған мәселелер облыс әкімінің бақылауына алынды.

Сондай-ақ, Рустам Жүрсінов құқық қорғау органдарының басшыларымен кездесіп, «Қайнар-АҚБ» ЖШС-де болды.





АСҚАРОВ
Әлхайдар Трайкенұлы

Қарағанды облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.11. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

- Облыстың халық саны 5000 адамнан кем елді мекендерінде қала құрылысы құжаттамасының болмауы туралы мәселе реттелді.
- Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілі жер учаскелерін мемлекет пен мемлекеттік ұйымдардың өз бетінше иеленуіне қатысты түскен шағымдарды шешуге мүмкіндік туды.
- «Автотехдизель» ЖШС, «ҚазИнтерСервис» ЖШС және «Қазмегастрой» ЖШС кәсіпкерлерін қылмыстық қудалау тоқтатылды.
- «Саранькоммунсервис» ЖШС мемлекеттік кәсіпорны 90 кәсіпкерге берешегін төледі.
- «АртСпорт» жобасы бойынша 318 млн. теңге сомасында мәселе шешілді, мемлекет тарапынан 94 кәсіпкерге берешек төленді.
- Кәсіпкерлерден түскен өтініштердің 68%-ы оң шешілді, сомасы 1 млрд. 700 млн. теңге.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Мемлекеттік кірістер органдарының мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беруі.
- Тауарларды міндетті таңбалауды енгізу.
- Сатушыларды емес, ӘҚБтК-нің 200-бабы бойынша ЖКС әкімшілік жауапкершілікке тарту.
- ҚҚС шегін азайту және SNT енгізу.
- Тауардың кері экспортын жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін жүк транзиті үшін ҚТЖ тарапынан қосымша есептеу.
- Жұмыстың басталуы кезіндегі елеулі уақытша және қаржылық шығындармен байланысты жер қойнауын пайдалану саласындағы әкімшілік кедергілер.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (04 – 05.07.2022 Ж.)

Облыс әкімімен кездесуде және дөңгелек үстелде өңірдің неғұрлым проблемалық мәселелері көтерілді:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлт жоспарының 49-қадамына сәйкес Қазақстан Еурокодтарға көшті. Қазіргі уақытта жобалау ұйымдарында мынадай жағдай қалыптасты: бұрын ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындылары алынған жұмыс жобаларын түзету қажеттілігі туындады. Құрылыс конструкцияларын есептеу әдістемесіне әсер ететін ҚНЖЕ жойылды. Құрылыс конструкцияларын есептеу кезінде жойылған ҚНЖЕ орнына жобалау ұйымдары ҚР ҚН EN пайдалануы тиіс. Бүгінгі таңда елімізде қолданыстағы ҚР ҚН EN қолдана отырып есептеуге бейімделген бағдарламалық өнім мен есептеу әдістемесі жоқ. Құрылыс индустриясының жергілікті зауыттары EN сәйкес материалдарды шығаруға дайын емес. Еуропа елдерінен материалдарды жеткізу құрылыстың сметалық құнының едәуір өсуіне алып келеді, бұрын әзірленген жобаларда көзделген қазақстандық мазмұн азаяды.

Облыс прокурорымен кездесуде «Петроресурс» ЖШС бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қатысты мәселе көтерілді.

Облыс әкімдігі мен «Петроресурс» ЖШС арасында Қарағанды облысының «Петровское» кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіруге келісімшарт жасалды.

Облыс әкімдігі жалпы ауданы 234,1 га тау-кен бөлуді ұсынды, бұл ретте тау-кен бөлудің жалпы алаңынан жер үшаскесі тек 3,7 га аумаққа берілді. Облыс прокуратурасы жүргізген тексеру барысында бұрын берілген өтініш бойынша облыстың Жер қатынастары басқармасы Жер комиссиясының отырыстарына қате мәліметтер беретіні анықталды. Жер кадастрын жүргізетін орган 1987 жылғы және 2005 жылғы осы түгендеу негізінде жердің сапасын суармалы жерлерге (жер заңнамасында көзделмеген) өзгертеді.

Бұл мәселе облыс прокурорының бақылауына алынды.





ДӘУЛЕТПАЕВ
Ренат Болатұлы

Қостанай облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.12. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

- «Beef Export Group» ЖШС инвесторының құқығы қорғалды. Өндірілген сиыр еті үшін субсидиялар беру қамтамасыз етілді (500 млн.теңге), ЖАО жер учаскесін қайтару туралы талап-арызды қайтарып алды.
- Банк операциялары бұғатталған 4 компаниядан шектеу шаралары алынып тасталды.
- Сот тәртібімен 9538 гектар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіден ауыртпалықтар алынып тасталды, айыппұлдар мен ЖАО ұйғарымдары жойылды.
- Жол битумының тапшылығы проблемасы шешілді, «Қаражанбасмұнай» АҚ-мен 130 мың теңгеден (делдалдардың бағасы 230-дан 250 мың теңгеге дейін) тікелей шарттар жасалды, бизнестің қажеттілігі 43 мың тонна болған жағдайда 4 млрд теңгеден астам үнемделді.
- 5 бизнес субъектісінің мүдделері сот тәртібімен қорғалды, енді олар асыл тұқымды мал шаруашылығы бағыты бойынша берілген субсидияларды қайтармайтын болды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Агроөнеркәсіптік кешенде ғылыми көзқарастың болмауы, ауыл шаруашылығының әлеуетін арттыру үшін агрономиялық ғылымды дамытудан және оны бизнес қажеттіліктеріне бағыттаудан бастау керек.
- Агроөнеркәсіптік кешендегі кадрлар тапшылығы.
- Салық және кеден заңнамасының тұрақсыздығы.
- Қолданыстағы субсидиялау тетіктері кезінде аграршылар іс жүзінде мемлекеттік қолдау шараларын сезінбейді. Шаруаларға субсидия төленгеннен кейін тауар жеткізушілері сатып алынған тауардың бағасын көтереді.
- Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік субъектілерімен даулар бойынша сотқа дейінгі реттеуге құлықсыздығы, осыған байланысты негізсіз сот дауларының артуы байқалады.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (28 – 29.04.2022 Ж.)

Облыс әкімімен кездесуде жүйелі мәселелер көтерілді, сондай-ақ жеке мәселелер де қаралды.

1. Облыс орталығында әлеуметтік маңызы бар қалалық және қала маңындағы маршруттар бойынша жолаушылар тасымалдаушыларын субсидиялау бойынша жауапты мемлекеттік органдардың жұмысының жеткіліксіздігі атап өтілді.

Тарифтер тасымалдау шығындарын өтемейді, Қостанай қаласының әкімдігі белгіленген тариф пен нақты шығындар арасындағы айырманы шамамен 46%-ға өтейді. Бұл мақсаттарға бюджеттен 1,5 млрд. теңге бөлінді, ал нақты қажеттілік кемінде 3 млрд. теңгені құрайды. Сонымен қатар, төлемдер үлкен кідіріспен беріледі.

2. Жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшылары жергілікті атқарушы органдардың жекеменшік балабақшалармен өзара қарым-қатынас жасасудағы жұмысының тиімділігі жеткіліксіз дейді. Жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша проблемалар бар.

Ағымдағы жылы жан басына шаққандағы қаржыландыру 41 718 теңгені құрайды. Ең төменгі жалақының, салық аударымдарының, жалақыны 25%-ға ұлғайту жөніндегі міндеттемелердің ұлғаюына байланысты бөлінетін қаражат тәрбиеленушілерді ұстауға арналған барлық шығыстарды өтемейді. Есептеулер бойынша 1 балаға қаржыландыру сомасы 57 000 теңгені құрауы тиіс.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтану үшін ақы төлеуге қатысты осыған ұқсас жағдай қалыптасты. Облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес 2022 жылға 1 балаға ата-ана төлейтін төлем: 1 жастан 3 жасқа дейін – 13 745 теңге, 3 жастан 6 жасқа дейін - 16 012 теңге. Бұл сомалар нақты шығындарды өтемейді, өйткені азық-түлік құны 60-70%-ға өсті.

4. Жергілікті атқарушы органдардың жер қатынастары саласындағы қызметіне қатысты өңірлік бизнестің айтар шағымы бар.

Атап айтқанда, «LW LARGO WINCH» ЖШС құрылтайшысы Г.А.Бадаляның мәселесі талқыланды, 2015 жылы Қостанай қаласының әкімдігі Г. А.Бадалянға үй салу үшін жер учаскесін берді, бұл ретте жалдау құқығы 2019 жылдың қыркүйегіне дейін ұзартылды. Қазіргі уақытта үй салынды, әрлеу жұмыстары жүргізілуде.

Ағымдағы жылдың ақпан айында Г. А.Бадалян Қостанай қаласының әкімдігіне үйді пайдалануға беру үшін учаскені жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішпен жүгінді. Қостанай қаласы әкімдігінің жанындағы жер комиссиясы оң қорытынды шығарды. Сонымен қатар, Қостанай қаласының жер қатынастары бөлімі жерге орналастыру жобасын бекітті.

Алайда, қала әкімдігі учаскені жалға алу мерзімін ұзартудан бас тартты. Қазіргі уақытта қала әкімдігі жер комиссиясына өзі берген оң қорытындының күшін жою бойынша негізсіз талап-арыз беруде.





ҚҰЛМАХАН Салауат Аязбайұлы

Қызылорда облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.13. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

- 140-тан астам бизнес субъектілерінің құқықтары қалпына келтірілді, лицензия беруден негізсіз бас тартқаны үшін Қызылорда облысының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.
- Құрылыс бизнесі субъектілерінің 20 млн. теңгеден астам сомаға мүлктік құқықтары қорғалды.
- Сотта 60 Мемлекеттік сатып алу шарты бойынша 10-нан астам кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары қорғалған. 27 азаматтық іске қатысты, 15 млн. теңгеден астам сомаға мүлктік құқықтар қорғалды.
- 72 жер пайдаланушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді, қорытындысы бойынша Қызылорда қалалық Жер қатынастары бөлімінің басшысы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.
- Кәсіпкерге заңсыз нұсқама бергені үшін Қызылорда қаласының Сәулет және қала құрылысы бөлімінің лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.
- Елде төтенше жағдай мен шектеу шараларын енгізу кезеңінде 405 жекеменшік мектепке дейінгі мекемелерге 2 млрд. 300 млн. теңгеден астам сомаға мемлекеттік білім беру тапсырысын төлеуге жәрдем көрсетілді.
- Жалпы сомасы 272 млн. теңге мөлшерінде мемлекеттік сатып алу (жұмыстар, тауарлар, көрсетілетін қызметтер) шарттары бойынша берешекті төлеу бойынша 10-нан астам кәсіпкерлік субъектілеріне жәрдем көрсетілді.
- Кәсіпкерге жалпы ауданы 0,4863 га, құны 28 млн. теңгені құрайтын жер учаскесін сақтауға жәрдем көрсетілді (учаскеде Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық бөлімінің теңгерімінде орналасқан футбол және спорт алаңы орналасқан, бұл құрылысты бастауға ғана емес, рұқсат құжаттарын алуға да кедергі болды).
- Жер учаскесін алып қою жөніндегі азаматтық істі қарау кезінде кәсіпкердің 72 млн. теңге сомасына мүдделері қорғалды (берілген жер учаскесінде жеке тұлғаның жер учаскесі бар деген жапсырма бар).

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Субсидиялаудың ақпараттық жүйесі (subsidy.plem.kz; subsidies.qoldau.kz) (ҚР АШМ операторы) мен электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі (ЭШФ АЖ) (esf.gov.kz) (ҚР ҚМ МКК операторы) арасында өзара ақпараттық қарым-қатынастың болмауы.
- Мәмілелерді жарамсыз деп тану бойынша бизнес субъектілерін сот дауына тарту.
- Газ құю станцияларының сұйытылған мұнай газын тікелей сатып алуға қатысуындағы кедергілер туралы.
- Жергілікті атқарушы органдардың өндірістік кәсіпорындардың санитарлық қорғау аймақтары шегінде жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін беруі бизнес субъектілерінің қызметін тоқтата тұруға алып келеді.
- Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді, тауарларды сатып алудың төмендетілген құны.
- Газ құю станцияларының сұйытылған мұнай газын тікелей сатып алуға қатысуындағы кедергілер туралы.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (17 – 19.11.2022 Ж.)

Жеке қабылдауда «Компания Гежуба Шиелі Цемент» ЖШС бас басқарушысы У. Ченьхуа өндірістік объектілердің санитарлық-қорғау аймағын құру мәселесі туралы айтты.

Қызылорда облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметтеріне сәйкес өңірде СҚА мөлшерін азайтуға 15 кәсіпкерлік субъектісі 67 рет өтініш берген, барлық жағдайларда қорытынды беруден бас тартылған.

Жергілікті атқарушы органдардың өндірістік кәсіпорындардың санитарлық аймақтары шегінде жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін беруі бизнес субъектілерінің қызметін тоқтата тұрудың жаппай жағдайларына әкелуі мүмкін.

Көтерілген мәселелердің едәуір бөлігі мәмілелерді жарамсыз деп тануға қатысты болды. Қызылорда облысы бойынша 2022 жылдың 9 айында мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы 150 азаматтық іс қаралды, оның 149-н кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мемлекеттік кірістер органдары берді, олардың нәтижелері бойынша талап арыздардың 124 немесе 83% қанағаттандырылды, 25 немесе 17 % қанағаттандырудан бас тартылды.

Сондай-ақ, №117/118 «Қызылорда-Павлодар» пойызының жүрдек режимін ұлғайту қажеттілігі, қоршаған ортаға эмиссияларды айқындау жөніндегі экологиялық заңнаманы сақтау, ауыл шаруашылығы жануарларына жем-шөп шығындарының құнын субсидиялау үшін жергілікті бюджетте қаражаттың болмауы, «Қызылорда су жүйесі» ШЖК МКК қатысты оңалту рәсімін қолданудың салдары туралы мәселелер айтылды.

Кәсіпкерлерді тыңдап, бизнес-омбудсмен олардың әрқайсысын егжей-тегжейлі қарауға уәде берді.

Облыс прокуроры Нұрлан Бижановпен кездесу аясында Қызылорда облысының прокуратурасы мен Кәсіпкерлер палатасы арасындағы 2023 жылға арналған ынтымақтастықты іске асыру жөніндегі өңірлік жоспарға қол қойылды.

Сондай-ақ, бизнес-омбудсмен облыстық соттың төрағасы Әділхади Шығамбаевпен, Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің басшысы Серікжан Мырзалымен және облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен кездесті.





ӘМИРОВ
Серік Саматұлы

Маңғыстау облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.14. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

- Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының 72 кәсіпкеріне 2021 жылы жер учаскелерін мемлекет меншігіне мәжбүрлеп алып қоюға қатысты көмек көрсетілді.
- Кәсіпкерге сот органдарында салықтық тексеруді заңсыз деп тану туралы көмек көрсетілді.
- Шектеу шараларының қолданылуы кезеңінде «кафе» қызметін мәжбүрлеп тоқтата тұру бойынша Маңғыстау облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау талабына шағымдану бойынша сот органдарында кәсіпкерге көмек көрсетілді.
- Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Маңғыстау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы ұсынған мүлікке салық төлеуді есептеу туралы негізсіз ұсынылған хабарлама фактісі бойынша шағым шешімін тапты.
- Кеден органдарының кедендік декларацияны түзетуден бас тартуына қатысты шағым мәселесі шешілді.
- 2022-2024 жылдарға арналған Жаңаөзен қаласында бизнесті дамытуды ынталандыру және жұмыс орындарын құру мәселесі шешілді.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны ұстап тұру бойынша өңір әкімдігі тарапынан бизнеске жанама қысым жасау.
- Құрылыс саласында инженерлік желілердің, газ желілерінің, судың тапшылығы.
- ҚР ҚМ МКК электрондық декларациялау орталығы тауарлардың кедендік құнын бақылау процесінде бизнеске артық қысым көрсетті.
- Өңірде туристік инфрақұрылымның болмауы (дәретханалар, жол бойындағы кафелер, ақпарат орталығы және т.б.).
- Табиғи монополиялар субъектілері тарапынан кәсіпкерлер үшін шарттар талаптарының елеулі теңсіздігі.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (06.12.2022 Ж.)

Құқық қорғау органдарының басшыларымен кездесуде мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері, заңсыз тексерулер және әкімшілік кедергілер басты талқылау тақырыбы болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар да айтылды.

Жеке қабылдау барысында «Айдана-ИК» ЖШС өкілдері мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қосымша келісім жасасу, оған қол қою және қосымша салынған ғимараттарды салу үшін қаржыландыруды бөлу туралы мәселені шешуге көмек сұрады. Олар тапсырыс беруші-мемлекеттік мекеме бұл нысандарға ЖСҚ әзірлегенін және оларды салу үшін қаражат аудармағанын атап өтті.

«Каскор-Машзавод» ЖШС форс-мажорлық жағдайларға байланысты мәселелерде көмек сұрады. Форс-мажорлық жағдайларға байланысты кәсіпкерлер арнайы сертификацияға қол жеткізе алмай отыр.

Нәтижесінде мұнай компанияларындағы тапсырыс берушілер өз тауарларын уақтылы ала алмайды. Осыған байланысты компаниялар өте үлкен мөлшерде айыппұл салуда. Мәселе мынада, Ресейдегі әскери операцияларға байланысты тиісті құжаттарды алу мүмкін емес. Саяси жағдай шешілмейінше, тәртіп те қалпына келмейді.

Қазақстанның сыртқы сауда палатасына және Ресей Федерациясының Сауда-өнеркәсіп палатасына жүгіну ұсынылды.

Кәсіпкер Дмитрий Клинчев жергілікті құзыретті органдардан жағалау инфрақұрылымын салу мақсатында жер учаскесін ұзақ мерзімге уақытша өтеулі пайдалану құқығын беру туралы бірнеше рет сұрағанын айтты, бірақ бұл мәселе әлі шешілген жоқ. Сонымен қатар, ол шағын көлемді туристік кемелерге қатысты ірі тоннажды флотқа қойылатын талаптарды қолдану заңсыз деп санайды. Бұл себептер оның бизнесінің дамуына кедергі келтіреді, өйткені кеменің теңізге әр шығуы үшін рұқсат алу қиындап барады.

Осы мәселе бойынша кездесуге қатысушылар ҰҚК-нің жыл сайынғы бұйрығын таза парақтан реттеу шеңберінде қарауға келісті, ал Теңіз туризмі қауымдастығының өкілдеріне Маңғыстау облысының Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп теңіз туризмін дамыту бағдарламасын әзірлеу ұсынылды.

Кәсіпкерлермен кездесуден кейін бизнес-омбудсмен Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевпен кездесті.

Маңғыстау кәсіпкерлерінің проблемаларын облыс басшысына жеткізді. Әкімдік жергілікті деңгейде мәселелер оң шешілетініне сендірді.





**ӘУБӘКІРОВ
Серік Мақсұтұлы**

Павлодар облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.15. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

- Павлодар облысы МАЭС-тің 2020 жылғы 04 маусымдағы шешімімен «Павлодар облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ-нің бюджет қаражатын өндіріп алу туралы талап арызы бойынша жалпы сомасы 17 565 600 теңгеге «Сергей» ШҚ құқықтары қорғалды.
- «Майқайың әк зауыты» ЖШС-нің талап арызы бойынша Павлодар облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 27 шілдедегі шешімімен салықтық тексеру жүргізу туралы «Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ-нің 2020 жылғы 02 наурыздағы №22 нұсқамасы заңсыз деп танылды.
- «ДАЛА» ЖШС өтініші бойынша «Ақсу қаласының құрылыс бөлімі» ММ-мен Мемлекеттік сатып алу туралы шартты 600 миллион теңгеден астам сомаға ұзартуға жәрдем көрсетілді.
- «Павлодар қаласының инновациялық үлгідегі №34 жалпы орта білім беретін мектебі» ММ Мемлекеттік қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарт шеңберінде «Тұрғын үй құрылысы бөлімі» ЖШС күрделі жөндеу бойынша көрсетілген қызметтер үшін жалпы сомасы 51 834 535 теңгеге ақы төлемеді.
- Павлодар облысының Прокуратурасымен іс-шаралар жоспарына сәйкес «Энергоуправление» ЖШС және «ОУСА Юг» ЖШС қатысты қылмыстық істер тоқтатылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Салық салу саласындағы мәмілелерді жарамсыз деп тану.
- Жер қатынастары саласы.
- Мемлекеттік сатып алу.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (23 – 24.05.2022 Ж.)

Көтерілген мәселелердің едәуір бөлігі кәсіпкерлердің салық органдарымен өзара қарым-қатынасына қатысты болды.

Мысалы, «Ақжар Өндіріс» ЖШС басшысы Гүлзира Қазылова оның компаниясы 12 қаңтарда Ресейден қоспытқыш-сепкіш сатып алып, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті уақытында ұсынғанын айтты.

Бұл жабдық есептілікті тапсыру кезінде импортталатын тауарлардың тізіміне енгізілді, олар бойынша қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленеді.

Өтінішті салық органдары тексерді, ол қабылданды және расталды.

«Ақжар Өндіріс» ЖШС-де салық есептілігін қабылдау туралы және 2 наурыздағы жанама салықтарды төлеу фактісін растау туралы хабарламалар бар.

Яғни, агрофирма адал салық төлеуші ретінде бюджет пен ҚР заңнамасы алдындағы міндеттемелерін толық орындады. Бірақ №31 бұйрықпен қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесі кейінірек жаңа редакцияда жазылды.

Қабылдау барысында он жеке кәсіпкер Облыстың мемлекеттік кіріс органдары екі объектіге бір лицензияның болуы үшін айыппұл мен өсімпұл есептеу туралы хабарлама беретіндігі туралы айтты. Жаңа Салық кодексі бойынша әр объектіге жеке лицензия беріледі, алайда лицензия алған кезде осы объектілерге бір лицензия берілді - бірнеше объектілердің мекен-жайлары көрсетілген қосымшамен.

Барлық көтерілген мәселелер облыс әкімімен кездесуде талқыланды.

Сондай-ақ, бизнес-омбудсмен Павлодар облысының прокуроры Қайрат Әбдіхановпен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің басшысы Ернар Баянғазинмен және облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы Мәди Рысбековпен кездесті.





ҚАЗИЕВ
Жеңіс Абайұлы

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.16. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

- 600-ден астам кәсіпкерге көмек көрсетілді.
- Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен СҚО ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы арасында жер пайдалану шарттарын жарамсыз деп тану бойынша проблемалық мәселе реттелді;
- Пандемия кезінде ғимараттарды жалға берушілер тарапынан қолдау шараларын ұсынудан бас тарту туралы шағымдарды шешу мүмкін болды;
- Ветеринариялық бақылау комитетінің Словакия Республикасы мен Чехиядан асыл тұқымды малды әкелу туралы заңсыз тыйымы алынып тасталды, нәтижесінде Қазақстанның мал өсірушілері асыл тұқымды малды әкеле алды.
- СҚО әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасы құрылыс салушының Петропавл қаласындағы «Трио» тұрғын үй кешенінің 18 қабатты көппәтерлі үйінің құрылысын тоқтата тұруы туралы заңсыз нұсқамасының күші жойылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Өңірдің тігін саласын білікті кадрлармен қамтамасыз ету.
- Тауарларды міндетті таңбалауды енгізу.
- Құрылыс материалдарының бағасын индексстеу.
- «Оператор РОП» ЖШС берген жеңілдік сертификаттарының қолданылуын қамтамасыз ету.
- Битумның өткір тапшылығы.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (23 – 24.05.2022 Ж.)

Облыс әкімі Құмар Ақсақаловпен кездесуде Солтүстік Қазақстан бизнесінің өзекті мәселелері көтерілді - Петропавл қаласындағы шығынды әлеуметтік мәні бар автомобиль қатынастары үшін тасымалдаушыларға субсидиялар төлеу, «Коммуналдық шаруашылық» МКК-нің кәсіпкерлік қызмет субъектілері алдындағы шарттық міндеттемелерін орындамауы, СҚО әкімдігінің Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және лицензиялау басқармасы (МСҚБ) қызметкерлері тарапынан орын алатын бұзушылықтар жүйелі сипатқа ие, ауыл шаруашылығы жерлерін беру бойынша конкурстардың жеткілікті түрде өткізілмеуі, сондай-ақ Өңірлік геоақпараттық жүйе (Геопортал) жұмысы тиімділігінің жеткіліксіздігі.

Әкім жақын арада бюджетке түзетулер енгізіліп, бұл мәселе шешіледі деп уәде берді. Жергілікті МСҚБ қызметіне қатысты өңірлік бизнестен шағым көптеп түседі. Мәселен, 2021 жылы МСҚБ-ның, СҚО әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының қызметкерлері объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін келісу мерзімдерін жүйелі түрде бұзды, заңсыз тексерулер жүргізу және ұйғарымдар мен ұсынымдар беру фактілері орын алды, сондай-ақ басқарманың бизнес субъектілеріне қатысты тексерулерді өз бетінше бастау фактілері де бар. Бизнес-омбудсмен мұндай бұзушылықтардың алдын алу үшін облыс прокурорынан «Кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау» 365-бабы бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарауды сұрады.

Өңірдің бизнес-қоғамдастық өкілдері пайдаланылған импорттық ауыл шаруашылығы техникасын кедендік тазарту мүмкін еместігін, құрылыс материалдары бағасының күрт өсуін, қант проблемасын, жұмыстық кадрлардың жетіспеушілігін және басқа да өзекті мәселелерді көтерді.

Сауда саласында жұмыс істейтін ауыл кәсіпкерлері тұрақтандыру қорымен өзара қарым-қатынас мәселесін көтерді, өйткені тұрақтандыру қоры әр ауданға әлеуметтік маңызы бар тауарларды апталық лимит бойынша «береді» және көтерме саудагерлерге бір айлық тауар көлемін бірден алып кетуге мүмкіндік бермейді. Мұндай жағдайда кәсіпкерлер шығынға батады, өйткені мұндай тауарларға үстеме баға 10%-дан аспауы керек. Жолға және сатып алуға жұмсалған шығындар жиынтық пайдадан едәуір асып түседі, сондықтан олар тұрақтандыру қорының айлық мөлшерлемесін бірден алуға рұқсат сұрайды. Бизнес-омбудсменмен кездесуде көтерілген бірқатар мәселелер шешімін тапты.

Сапар соңында бизнес-омбудсмен өңірдің екі өнеркәсіптік кәсіпорнына «Солтүстік фанер комбинаты» ЖШС және «Радуга» ЖШС-не барды.





ӘМІРОВА
Зухра Төлебайқызы

Түркістан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.17. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

- «АІВІ-АІ (АЙБИ-АЙ)» арнайы қаржы компаниясы» ЖШС-не гуманитарлық жүкке рұқсат беру және растау құжаттарын алу кезінде көмек көрсетілді, соның нәтижесінде кәсіпкер салық міндеттемелерін есептеуден құтылды. Қорғалған мүліктік құқықтардың жалпы сомасы 117 768 900 теңге.
- ЖК Бактиярова Г.-ге қатысты Кентау қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының 230 АЕК мөлшеріндегі айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысының күші жойылды.
- «Шардара құм» компаниясына қатысты заңсыз басталған қылмыстық істің алдын алды.
- «Нұр-Хадия» ЖШС адал кәсіпкерлік субъектісінің кәсіпкерлік қызметіне кедергі жасау фактісінің алдын алды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Түркістан қаласында қолөнершілер орталығының болмауы.
- «Түркістан» ИА-да теміржол желісінің жарамсыздығы.
- Жетісу ауданында 210 тік дренаждық ұңғымалардың жарамсыздығы.
- Балық шаруашылығын субсидиялау мәселесі.
- Жер учаскелерінің сауда-саттығын (конкурстарын, аукциондарын) өткізбеу.
- Түркістан облысында жолдарды салу және жөндеу жұмыстары үшін битумның болмауы.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (16 – 17.11.2022 Ж.)

Өңірлік кеңес төрағаларының, облыстық прокуратура, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, МҚД, кәсіпкерлік басқармасы өкілдерінің қатысуымен өткен бизнес-омбудсменмен кездесуде облыс кәсіпкерлері өздерінің өзекті мәселелері туралы айтты.

Атап айтқанда, «Сарыағаш-құс» ЖШС директорының орынбасары Ә.Талман санитарлық-қорғау аймағын құру мәселесімен жүгінді.

ЖАО тұрғын үй салу үшін құс фабрикасының жанынан жер телімдерін беріп жатыр. Тиісінше, серіктестік жағымсыз салдарлардың алдын алу үшін және эпидемиологиялық жағдайды болдырмау үшін алаңдаушылық танытып отыр, өйткені жергілікті билік эпидемиологиялық қауіпті ескермей, ЖТҚ үшін 500 м радиуста жер учаскелерін беруде.

Қазіргі уақытта санитарлық-қорғау аймағы бекітілуде.

«Нұрлы» ШҚ төрағасы А.Нұрлыбаев Қазығұрт ауданы әкімдігінің қаулысымен оның жер учаскелері халықты жайылымдық жерлермен кеңейту және қамтамасыз ету үшін мемлекет мұқтажы үшін алынғанын айтты.

«Болашақ» ШҚ төрағасы балық шаруашылығын субсидиялау туралы мәселені көтерді. Мәселенің мәнін айтып, ол облыстық бюджеттен осы мақсат үшін қаражат бөлуге жәрдем көрсетуді сұрады.

Сондай-ақ, кәсіпкерлер Жетісай ауданында 210 тік дренаждық ұңғымаларды реконструкциялау туралы мәселені көтерді, олар бойынша «Жер-Ана» ЖШС жобалық жұмыстарды аяқтауына қарамастан, мемлекеттік сараптама жүргізілмеген. Бұл жобаны қаржыландыру бастапқыда Ислам даму банкінің несиесі есебінен жоспарланған болатын. Бұл банк шамамен 23 миллиард теңге бөледі, оның 10 миллионы - жобалық жұмыстарды жүргізуге жұмсалуды тиіс еді. Мәселе мемлекеттік сараптамада оң шешілген жағдайда, құрылыс жұмыстарын бастау 2022 жылдың IV тоқсанында жоспарланған болатын.

Сондай-ақ, бизнес-омбудсмен облыс прокурорымен, облыстық соттың төрағасымен, Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің басшысымен және облыс әкімі Дархан Сатыбалдымен кездесті. Жергілікті бизнестің барлық мәселелері өңірдің мемлекеттік органдарының басшыларымен кездесуде айтылды.





1.18. ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ

- 50-ден астам кәсіпкерге көмек көрсетілді.
- Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілі жер учаскелерін мемлекет пен мемлекеттік ұйымдардың өз бетінше иеленуі туралы шағымдарды шешуге мүмкіндік туды.
- Бизнес-омбудсменнің жеке қабылдауының арқасында кәсіпкер Т. Қасытаевқа қатысты жазаны жеңілдетуге мүмкіндік туды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Өңірдің тігін саласын білікті кадрлармен қамтамасыз ету.
- Тауарларды міндетті таңбалауды енгізу.
- Құрылыс материалдарының бағасын индексстеу.
- «Оператор РОП» ЖШС берген жеңілдік сертификаттарының қолданылуын қамтамасыз ету.
- Битумның өткір тапшылығы.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (11 – 12.10.2022 Ж.)

Кәсіпкерлер нормативтік құқықтық актілердің сақталмауына немесе олардағы олқылықтарға байланысты шағымданды. Мысалы, «Сәтбаев жылумен жабдықтау кәсіпорны» ЖШС директорының орынбасары Әдеп Әбжаппаров Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 17.11.2021 ж. жер асты суын өндіруге салынатын салық ставкасына қатысты қаулысымен келіспейтінін білдірді. Ал «ПИК Ютари» ЖШС қаржы директоры Иван Иващенко жер қойнауын пайдаланушылар, табиғи монополиялар субъектілері және қала құраушы кәсіпорындардың алдында жасалған шарттарды, оның ішінде ұзақ мерзімді шарттарды сақтау және бұзуға тыйым салу құқықтарының алдында кәсіпорынның дамуына өз қаражатын инвестициялайтын, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жергілікті өндірушілердің құқықтарын қорғайтын құқықтық норманың жоқтығы туралы айтты. Көтерілген мәселелердің едәуір бөлігі салық салуға қатысты болды.

Бизнес субъектілері айтқан мәселелерді Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл және «Атамекен» ҰҚП Кәсіпкерлерді құқықтық қорғау департаментінің басшысы бақылауға алды.

Сондай-ақ, бизнес-омбудсмен облыс прокуроры Жарқынбек Бақашбаевпен, облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы Қанат Шайқамаловпен, Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің басшысы Ернар Баянғазинмен және облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлымен кездесті. Жергілікті бизнестің барлық мәселелері өңірдің мемлекеттік органдарының басшыларымен кездесуде айтылды.

Облыс әкімімен кездесуде ауыл шаруашылығы жерлерін беру үшін конкурстар өткізу бойынша жауапты мемлекеттік органдардың жеткіліксіз жұмысы; өңірлік Геоақпараттық жүйенің (Геоортал) тиімсіз жұмысы; шығынды әлеуметтік маңызы бар қалаішілік маршруттарды субсидиялаудағы елеулі проблема сияқты өңірдің жүйелі сипатындағы неғұрлым проблемалық мәселелер көтерілді.

Аталған мәселелер облыс әкімінің бақылауына алынды.





МҰҚАШЕВА
Әлия Орынбекқызы

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.19. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

- ШҚО Экология департаменті шығарған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша 25 434 117 016 теңге сомасына қаулының күшін жою бойынша «АЛЕЛ» қаржы-инвестициялық корпорациясы» АҚ-на жәрдем көрсетілді.
- «Дәудид Трейд» ЖШС-не Ана мен бала орталығының орындаған жұмыстары үшін ШҚО денсаулық сақтау басқармасы тарапынан 102 421 329 теңге сомасына ақы төлеуді жүзеге асыруға жәрдем көрсетілді.
- «Daewoo Bus Kazakhstan» ЖШС 49 026 117 теңге сомасына камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша хабарламаның күшін жою бойынша жәрдем көрсетілді.
- 5 кәсіпкерге (ЖК Ю.В. Пермитин, Т. А. Смирнягина, В. А. Боровиков, Т. В. Артамошина, О. В. Шатаев) жаңа мерзімге жер пайдалану шарттарын жасасу бойынша көмек көрсетілді (бұрын ЖАО, дүңгіршектердің қаланың сыртқы келбетіне сәйкес келмеуін алға тартып, жалдау мерзімін ұзартудан бас тартқан болатын).
- «Шығыс Қазақстан тасымалдаушылар қауымдастығы» ЗТБ өтініші бойынша Өскемен қаласы бойынша азаматтардың жеңілдетілген санаттарына жол жүруге автотасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау туралы мәселе шешілді.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Су объектілерінің жанында су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнатуға жергілікті бюджеттен қаржыландырудың жеткіліксіздігі.
- ШҚО елді мекендерінің бас жоспарларының жобаларын және құрылыс салудың оңайлатылған схемаларын әзірлеуге қаржыландырудың болмауы.
- Облыс кәсіпкерлерін ұжымдық шарттарда қызметкерлерге экологиялық үстемеақы төлеу міндетін көздеуге мәжбүрлеу.
- Кредиттік серіктестіктердің «Ертіс» ӘКК» АҚ алдындағы алынған бюджеттік кредиттер бойынша берешегін өтеудің проблемалық мәселелері.
- ҚР аумағынан ауыл шаруашылығы өнімдерін (астық, ұн, күнбағыс тұқымы, күнбағыс майы, тірі мал және т.б.) әкетуге шектеулер мен тыйымдар.
- Мемлекеттік кіріс органдарының ресми негіздер бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыздарды сотқа жіберуі.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (25 - 27.05.2022 Ж.)

Облыс әкімімен кездесуде өңірдің проблемалық мәселелері көтерілді. Су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнатуға қатысты. Жыл сайын су қорғау аймақтары мен белдеулерін әзірлеуге жергілікті бюджеттен орта есеппен 11 млн.теңге бөлінеді. Алайда, облыстың су қорының аумағын ескере отырып, қаржыландыруды ұлғайту қажет.

Неғұрлым экономикалық белсенді елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеуге қосымша қаражат бөлуге қатысты. Бизнесісі дамыту үшін жер учаскелерін беру мақсатында қала құрылысы құжаттамасымен (БЖ және құрылыстың оңайлатылған схемасы) қамтамасыз етілген облыстың елді мекендеріне талдау жүргізілді. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының мәліметтері бойынша облыста 363 елді мекен (бұдан әрі - ЕМ) бар, оның ішінде 6 қала және 357 ауылдық елді мекен (халық саны 5 мың адамнан асатын 9 АЕМ және 5 мың адамнан кем 348 АЕМ).

171 (47,1%) елді мекен даму мен құрылыстың бас жоспарларымен/схемаларымен қамтамасыз етілді (6 қала - Өскемен, Риддер, Алтай, Серебрянск, Зайсан, Шемонаиха; халық саны 5 мың адамнан асатын 7 ауылдық елді мекен және 5 мың адамнан кем 158 ауылдық елді мекен); 192 елді мекен қамтамасыз етілмеген. БЖ және жеңілдетілген құрылыс схемаларын әзірлеу үшін қосымша қаражат бөлу қажет.

Облыс прокурорымен кездесуде кредиттік серіктестіктерге қатысушылардың проблемалық мәселелері, сондай-ақ өңірде кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері көтерілді. «Ертіс» ӘКК арқылы кредиттер ресімдеген кредиттік серіктестіктер проблемасы ауылда жұмыс істейтін кәсіпкерлер арасынан 1700-ге жуық қатысушының мүдделерін қозғайды. Олардың қарыздары және соған байланысты салдары сот орындаушылары жүктеген ауыртпалықтар түрінде болады.

Қазіргі уақытта іс орнынан қозғалды. Облыс прокуратурасының Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңесінің отырысында «Ертіс» ӘКК» АҚ ШҚО Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, кредиттік серіктестіктермен және олардың қатысушыларымен кредиттік қаражатты қайтару бойынша жұмысты жалғастыратыны туралы шешім қабылданды. Бүгінде 5 қарыз алушыға (Көкпекті ауданы) қатысты соттың шешімі бар, сот бұрын әзірленген сот актілерін қайта қарады, нәтижесінде олар ортақ жауапкершіліктен босатылды (апелляция бірінші сатыдағы шешімді қолдады).





**АДАМБЕКОВА
Сабира Құршидқызы**

Шымкент қаласы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.20. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

- «ҚазТрансГазАймақ» АҚ ШФ-ның тауарлық газды бөлшек саудада өткізу шартына газ жеткізуді мәжбүрлеп ажыратуды жүргізу құқығын белгілеу және өнеркәсіптік тұтынушылар мәлімдеген газ көлеміне ай сайынғы түзетуді жою туралы қосымша келісімге қол қою жөніндегі әділетсіз шарттарының әрекеттері тоқтатылды.
- Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге қатысты базалық салық ставкаларын түзету (50%-ға төмендету).
- Автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерлерге қатысты базалық салық ставкаларының мөлшерін қайта қарау.
- 504 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарға жыл сайынғы тексеру жүргізу туралы заңсыз шарттардың күші жойылды (білім басқармасымен жасалған шарттарда осындай бұзушылықтардың бар екені анықталды).
- 330 шаруа қожалығының сумен жабдықтау мәселесі жедел түрде шешілді.
- Қаланың өнеркәсіптік аумақтарында жүк көлігінің өтуіне тыйым салу туралы негізсіз орнатылған белгілер алынып тасталды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Меншік нысанына қарамастан, білім беру ұйымдарында оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді бөлу бойынша заңнамалық талаптардың болмауы.
- АЭА және ИА қатысушыларына және бастапқы уақытта өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығынан жер учаскелерін АЭА және ИА басқарушы компаниясына уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға алуға) беру жөніндегі норманы жою.
- ТКШ, электр және газ қызметтеріне, үй-жайларды жалға алуға жоғары тарифтер.
- Маневрлік локомотивтердің, вагондардың тапшылығы және жүк тасымалдауға жоғары тарифтер, ҚТЖ жүктерін жеткізудің төмен жылдамдығы.
- Жанар-жағармай бағасын негізсіз саралау.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (14 - 16.11.2022 Ж.)

«Қазақстан темір жолы» компаниясының жүктерді жеткізу жылдамдығының төмендігі, вагондардың жетіспеушілігі, маневрлік локомотивтердің өткір тапшылығы және жүк тасымалдауға арналған жоғары тарифтер – осы және өзге де проблемалар бизнес-омбудсменнің Шымкент кәсіпкерлерімен кездесуінде талқылау тақырыбына айналды.

Бүгінде Шымкент пен Түркістан облысында тәулігіне 4,5-5 мың тонна астық өңдейтін 25-ке жуық диірмен тұрақты жұмыс істейді. Олар елдің жеті өңірін ұнмен толық қамтамасыз етеді, бұл 6-7 миллион адам. Бидай тек солтүстікте өңделеді. Оны өндіріске тек темір жол көлігімен жеткізуге болады. Өндірістің тұрақтылығы - елдің азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі.

Ал «Шымкентмай» АҚ және «Шымкентмай-Доня» ЖШС кәсіпкерлерінің пікірінше, қосылған құн салығының асып кетуін қайтару ережелері Қазақстанның экспорттық кәсіпорындарын ынталандырудың маңызды бастамасына қайшы келеді. Өзгерістер 2022 жылдың 11 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді. Жаңа ережелерге сәйкес, енді тексеру барысында өзара байланысты тараптар арқылы жеткізушілермен өзара есеп айырысуларға талдау жүргізілетін болады. Кәсіпкерлердің пікірінше, мемлекет тауарлардың отандық өндірісін дамытуды ынталандыру үшін қолайлы жағдай жасаудың орнына кезекті әкімшілік кедергі тудырып отыр. Сонымен қатар, Ережелердегі жаңалықтар ҚҚС асып кеткен соманы қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар салық төлеушілерге ғана қатысты болуы керек еді.

Еліміздегі жалғыз, әрі бірегей «Шымкент кашемир» жүн өңдеу кәсіпорнының директоры Санат Шағанбекұлы 2023 жылдың 1 мамырынан бастап жүн экспортына кедендік баж салығы қайтадан енгізілетінін айтты.

«Алина» шаруа қожалығы балық өнімдеріне еурономер алу мәселесіне қатысты жүгінді. Балық өнімдерін Еуропалық Одақ елдеріне экспорттау үшін кәсіпорын Еуропалық Одақтың тізілімінде тұруы керек.

Барлық мәселелер облыс әкімі Мұрат Әйтеновпен және құқық қорғау органдарының басшылығымен өткен кездесуде көтерілді.





ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

